SANOFI

**Баспасөз хабарламасы**
Source: Sanofi (EURONEXT: SAN) (NYSE: SNY)

# Санофи Бағалы қағаздар және биржалар комиссиясымен (АҚШ) келісімге келді

**Алматы – 6 қыркүйек, 2018** – «Шетелдегі сыбайлас жемқорлық туралы» АҚШ заңын (FCPA) әлеуметті бұзушылықтар туралы тергеу ісін қорыта келе, Санофи АҚШ Бағалы қағаздар және биржалар комиссиясымен келісімге келді.

Бұл АҚШ Бағалы қағаздар және биржалар комиссиясы АҚШ Әділет Департаментімен біріге отырып, АҚШ және Франция елдерінен тыс жерлердегі, атап өтетін болсақ, 2007 жылдан бастап 2011 жылға дейін Қазақстандағы, 2006 жыл мен 2015 жыл аралығында Иорданиядағы, Ливандағы, Бахрейндегі, Кувейттегі, Катардағы, Йемендегі, Омандағы, Біріккен Араб Әмірліктеріндегі (БАӘ) және Палестина автономиясының аумағындағы компаниялардың қызметтеріне қатысты жүргізген тергеу ісіне қатысты келісім. Комиссиямен жасалған келісім аясында Санофи қандай да бір бұзушылықтар жасау фактісін мойындамайды және теріске шығармайды.

Келісімге сай Санофи $25,206,145 төлеуге міндеттеледі, сонымен қатар ол күшейтілген ішкі бақылау жүйесінің және парақорлықпен, сыбайлас жемқорлықпен күресу бағдарламасының тиімділігі туралы екі жыл бойы өз еркімен есеп беріп отыруға міндеттеледі.

Комиссия келісім жасалғанын хабарлай отырып, тергеу аясында Санофи онымен бірге белсене жұмыс істегенін, сонымен қатар қазіргі уақытта компания өзінің корпоративтік ережелер мен іскерлік әдепті ұстану бойынша бағдарламасын біршама күшейткенін атап өтті.

2018 ж. 7 наурызда жарияланған жыл сайынғы есепте (SEC 20-F есептілік нысаны және «Document de Référence» француздық құжаты) Санофи АҚШ Әділет Департаменті тергеу ісін аяқтап, компанияға қарсы қандай да бір істер қозғаудан бас тартқанын хабарлады.

> *"Санофи әрбір қызметкерден өз ісін жоғары әдептілік стандарттарына қатаң сәйкестікте жүргізуді талап етеді. Санофи қызмет ететін барлық елде корпоративтік ережелерді және іскерлік әдепті ұстану бойынша бағдарламамыздың едәуір дамуы біздің көп жылдар бойғы еңбегіміздің жемісі болды. АҚШ бағалы қағаздар және биржалар комиссиясы және АҚШ Әділет Департаменті біздің осы бағыттағы еңбегімізді бағалағаны және одан әрі бірге қызмет етуге дайын екенін білдіргені үшін біз өте қуаныштымыз”*, - дейді Оливье Брандикур, Санофи бас атқарушы

директоры. *“Біз парақорлықпен және жемқорлықпен күрес бойынша (тармақталған қызметкерлерді оқыту жүйесі бар) ғаламдық бағдарламаны одан әрі нығайтамыз, сонымен қатар бүкіл әлем бойынша ішкі бақылау механизмдерін жетілдіре түсеміз. Әдептілік – біз күн сайынғы қызметімізде басшылыққа алатын Санофи негізгі құндылықтарының бірі”.*

**Санофи туралы**

Санофи – ғаламдық биофармацевтік компания, оның миссиясы – бүкіл әлемдегі адамдардың денсаулығына демеу көрсету.

Біз өз вакциналарымыздың көмегімен адамдарды жұқпалы аурулардан сақтауға ұмтыламыз, ал біздің препараттарымыз көптеген аурулардың ағымын жеңілдетіп, сирек және созылмалы ауруларға шалдыққан науқастардың өмір сүру сапасын жоғарлатуға көмектеседі.

Sanofi компаниясының әлемнің 100 еліндегі 100 мыңнан астам қызметкері ғылыми инновацияларды денсаулық сақтау саласындағы нақты шешімдерге айналдыру үшін күн сайын үздіксіз қызмет етеді.

Sanofi, Empowering Life

**Контактілер**
Надежда Лабодовская
Tel.: +7 701 788 45 32
Nadezhda.Labodovskaya@sanofi.com

***Sanofi Forward-Looking Statements***
*This press release contains forward-looking statements as defined in the Private Securities Litigation Reform Act of 1995, as amended. Forward-looking statements are statements that are not historical facts. These statements include projections and estimates and their underlying assumptions, statements regarding plans, objectives, intentions and expectations with respect to future financial results, events, operations, services, product development and potential, and statements regarding future performance. Forward-looking statements are generally identified by the words "expects", "anticipates", "believes", "intends", "estimates", "plans" and similar expressions. Although Sanofi's management believes that the expectations reflected in such forward-looking statements are reasonable, investors are cautioned that forward-looking information and statements are subject to various risks and uncertainties, many of which are difficult to predict and generally beyond the control of Sanofi, that could cause actual results and developments to differ materially from those expressed in, or implied or projected by, the forward-looking information and statements. These risks and uncertainties include among other things, the uncertainties inherent in research and development, future clinical data and analysis, including post marketing data, decisions by regulatory authorities, such as the FDA or the EMA, regarding whether and when to approve any drug, device or biological application that may be filed for any such product candidates as well as their decisions regarding labelling and other matters that could affect the availability or commercial potential of such product candidates, the absence of guarantee that the product candidates if approved will be commercially successful, the future approval and commercial success of therapeutic alternatives, risks associated with intellectual property and any related pending or future litigation and the ultimate outcome of such litigation, changes in applicable laws and regulations, the impact of cost containment initiatives and subsequent changes thereto, as well as those discussed or identified in the public filings with the SEC and the AMF made by Sanofi, including those listed under "Risk Factors" and "Cautionary Statement Regarding Forward-Looking Statements" in Sanofi's annual report on Form 20-F for the year ended December 31, 2017. Other than as required by applicable law, Sanofi does not undertake any obligation to update or revise any forward-looking information or statements.*